

БАЛАМ –
ҮЙДЕ,
ҚЫЛЫҒЫ –
ТҮЗДЕ

Нашақорлық ең күрделі мәселе-нің бірі болып отыр. Қоғамда бұл зиянды әдетке құмарлар саны күн санап көбеюде. Адам денсаулығын құртып, сананы улайтын торға, әсіресе жастар-дың әуес болуы үлкен алаңдау-шылық туғызады.

Қазір әр елде есірткінің таралуына тосқауыл қою үшін көптеген шаралар қабылданған. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлар-дың айналымы Қазақстан заңдарына, халықаралық келісімдерге, оның ішінде БҰҰ-ның 1988 жылғы Есірткі құралдары және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвен-циясына сәйкес, республика аумағында қатаң бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шіл-дедегі №279-І «Есірткі құралдары, пси-хотроптық заттар және прекурсорлар туралы» заңына сәйкес, барлық есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар төрт тізімге біріктірілген.

Бірінші тізімде қандай да болмасын мақсатта пайдалануға тыйым салынған есірткі құралдары мен психотроптық заттар тізімделген. Екінші – медицина-лық мақсатта пайдаланылатын және қа-таң бақылауға алынған есірткі құралдар-ы мен психотроптық заттар іріктелген. Үшінші – медициналық мақсатта пай-даланылатын және бақылауға алынған есірткі құралдары мен психотроптық заттар тізімделген. Төртінші – айналымы бақылауға алынған прекурсорлар реті көрсетілген.

Қазақстан аумағына жаңа, оның ішінде өте күшті әсер ететін есірт-кілердің әкелінуі кімді болсын ойлан-дырады. Олардың біреуі – психотроп-тық заттардың жаңа синтетикалық баламалары – синтетикалық каннаби-ноидтар. Синтетикалық каннабиноид-тар дегеніміз – ол өсімдік каннабиноид-тарының құрылымы бойынша тектігі бірдей және фармакологиялық әсері ұқсас синтетикалық препараттар. Бұл препараттар адамды ынталандыру, де-прессиялық және елестеушілік күйге түсіреді. Шегетін қоспалар аромати-калық құрал түрінде көбінесе интер-нет-магазиндер арқылы сатылады.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 8-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ФАРМАЦИЯ САЛАСЫ
БАҚЫЛАУДАН ТЫС ҚАЛҒАН



Елімізде дертке шипа болар дәрі-дәрмекке қол жеткізу қиындап барады. Сыни жағдай олардың жоқтығынан емес, препараттардың ұлттық дәрілік формулярға тіркелмеуі, 7 жылдан бері жаңартылмаған емдеу хаттама-сына енгізілмеуі, тіпті сатып алайын десе де елде рұқсат етілген тізімде болмауынан туындап отыр.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ ҚОРҒАНЫ – ЗАҢ

Қауіпсіз қоғам – азаматтардың жайлы өмірінің, ертеңгі күнге деген сенімінің кепілі. Қоғамдағы қауіпсіздікті қалыптастыру арқылы халықтың өмір сүруге деген құштарлығын арт-тыруға, бір-біріне деген мейірімі мен ынтымағын күшейтуге болады. Ал сол қауіпсіз қоғамның қорғаны – заң. Заңның пәрмені мықты, орын-далуы мінсіз болғанда ғана қоғамда тыныштық пен татулық салтанат құрады. Сондықтан, осы ортақ қауіпсіздікке көлеңке түсіріп, халықтың жайлылығы мен тұтастығына зиянын тигізетін кемшіліктерді дер кезінде талқылап, түзетіп, жөнге салып отыру аса маңызды. Жақында Түр-кістан облысының прокуратурасы тарапынан ұйымдастырылған «Заң мен тәртіпті» күшейтіп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көзде-ген кеңестің негізгі діттегені осы.



«Кеңескен істе кемшілік
болмайды»

Дана бабаларымыз «Кеңескен істе кемшілік болмайды» дейді. Расында, елге ортақ, көпшілік мүддесіне қатысты мәсе-

лелерді жария талқылап, бірігіп шешкен тиімді. Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тілеубердиев бастаған ұжым әлеуметті алаңдатқан мәселелерді көп ортасына салып, бірігіп сараптауды үнемі назарда ұстап келеді.

(Жалғасы 5-бетте)

4-бет



Қайтарымсыз грантты
кімдер және қалай алады?

5-бет



Өмірі – өнеге

8-бет



«Оқ жарасы бітер,
сөз жарасы бітпейді»

МЕРЕЙ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ
МӘРТЕБЕНІ АРТТЫРАДЫ

Қазақстан Республикасындағы кәсіби мерекелер күнтізбесіне 2022 жылғы 31 наурызда Үкімет басшысы қол қойған №183 Жарлыққа сәйкес, «24 маусым – судья және сот қызметкерлері күні» болып бекітілуімен жаңа мереке күні қосылды. Міне, содан бері кәсіби мереке судьялар мен сот қызметкерлерінің мамандығына деген мақтанышын арттырып, мәртебелі салаға деген көпшіліктің қызығушылығын қалыптастыруға қызмет етіп келеді.

Мұндай кәсіби мерекенің айқындалуы – судьялар мен сот қызметкерлері үшін үлкен мерей, қуаныш. Өйткені, тәуелсіздік алғалы бері көптеген кәсіп иелерінің арнайы мерекесі белгіленіп, бұл күнді атап өтудің өзіндік тұжырымдамасы қалыптасқаны мәлім. Осы жылдары биліктің бір тармағы саналатын сот құрылымының төл мерекесінің жоқтығы үнемі айтылып, көпшілік арасында ұдайы талқыға салына-тын. Өзіндік пікірін айтқан әріптес-теріміздің бір тобы сол кезде Ата Заң қабылданған 30 тамызды судья-лар күні ретінде нақты бекіту керек десе, келесі топ судьялар күнделікті бағдар ететін негізгі заңнамалар-дың қабылданған күнін мерекеге айналдыруға үндейтін. Өзекті мәсе-леге орай үн қосқандардың бар-лығы кәсіби мереке – сот саласы-ның қоғамдағы орнын айшықтауға, төрелікке деген халықтың сенімін нығайтуға, сот саласында еңбек ет-кісі келетіндер шоғырын қалыптас-тыруға көмектесетінін алға тарта-тын еді.

«Халық қаласа, хан түйесін соя-ды» деген шынайы өмірден алынған тағылымды сөз бар. Сол айтпақшы, сот саласында еңбек етіп жүрген, сот жұмысының жандануына қо-мақты үлес қосып келе жатқан су-дьялар мен сот қызметкерлерінің үнінің, қалауының ескерусіз қал-

мағаны қуантады. 24 маусымның судья және сот қызметкерлерінің күні болып белгіленуі тегін емес. Қазақстандық соттың тарихында кәсіби мереке ретінде айқындалуға лайық маңызды даталар аз емес. Соның ішінде әр жылдары қабыл-данған Ата заңдардың, судьялар қауымы басты бағдар етіп отырған «Сот жүйесі және судьялар мәрте-бесі» туралы Конституциялық заң-ның шоқтығы биік.

Десек те бастама көтерушілер «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға алғашқы түзетулер енгізіл-ген уақытты назарға алған екен. Қазақ елі өз алдына егемендігін алғанға дейін қолданыста болған бұл маңызды құжатқа 1992 жылғы 24 маусымда ауқымды өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, тәуел-сіз елдің сот құрылымын жаңғыр-туға қадам жасалған болатын. Осы заң арқылы тәуелсіз елдің тәуелсіз сотының қалыптасуына, дамуына, бүгінгідей озық дәрежеге жетуіне жол ашылды. Судьялардың дербе-стігі, тәуелсіздігі заңдық тұрғыда бекітіліп, қазақстандық соттың за-мана көшінен қалмай, халықаралық талаптарға сай ілгерілеуіне мүмкін-дік берілді.

Бүгінде Қазақстанда сот төрелі-гін жүзеге асырумен үш мыңға жуық судья және алты мыңнан аса сот қызметкері айналысады. Сәйкесінше



Арман ШИНДАЛИЕВ,
Мақтаарал аудандық сотының
төрағасы

кәсіби мерекені бекіту сот жүйесінің қызметкерлеріне әділ Қазақстан-ды құруға қосқан үлесі үшін мем-лекет тарапынан айтылған Алғыс, артылған сенім болып табылады.

Бұл жай күнтізбелік күн емес. Осыдан тура 32 жыл бұрын біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігінің алғашқы күндерінде «Қазақ КСР-ін сотқа орналастыру туралы» заң қа-былданды, ол сот төрелігін тек сот жүзеге асырады деп жариялады. Осылайша, Қазақстандағы сот жү-йесі құқықтық мемлекеттің маңызды институттарының бірі болып таныл-ды.

Биліктің сот тармағының беделі мен маңызы саладағы әр буынның қаншалықты нақты жұмыс істей-тіндігіне, оның әр қызметкерінің өз міндеттерін адал атқаратындығына байланысты. Сот төрелігін нығай-туға елеулі үлес қосқан әріптес-теріміздің барлығы ерекше алғыс айтуға лайық. Кәсіби мереке қар-саңында қазақстандық соттың ме-рейін тасытып, мәртебесін көтеру-ге қызмет еткен судьялар мен сот қызметкерлерін шын жүректен құт-тықтаймыз.

ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫ

АТА ЗАҢ – 30

Биыл ел тарихындағы маңызды мереке – Қазақстан Рес-публикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толып отыр. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған негізгі заң – мемлекетіміздің егемендігін нығайтқан, халық бірлігін бекемдеген және демократиялық құндылықтарды орнықтырған басты құжат.

ӨНІРДЕГІ СОТ ҚҰРАМЫНЫҢ
КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Конституцияның қабылда-нуымен елімізде жаңа құқықтық жүйе құрылып, азаматтардың еркін өмір сүруіне, еңбек етуіне және өз құқықтарын қорғауына негіз қаланды. Бұл жолда Қоста-най облысы әрдайым белсенді рөл атқарып келеді. Өңірде заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз ету бағытында бірқатар ауқымды жо-балар мен реформалар сәтті жүзе-ге асуда.

Қостанай облысының тұрғындар-ы – негізгі заңның артықшылығын күнделікті өмірде нақты сезініп отыр. Өңірдегі тұрақты әлеумет-тік-экономикалық даму, азамат-тардың құқықтық сауаттылығы мен сотқа деген сенімінің артуы – Конституция талаптарының табысты жүзеге асуының айқын көрсеткіші. Конституцияның арқа-сында елімізде тәуелсіз әрі бей-тарап сот билігі қалыптасты. Бұл жүйе заң үстемдігін қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Об-лыстағы соттар заманауи техно-логиялармен жабдықталып, істер электронды форматта қаралуда.

Судьялар құрамының кәсіби деңгейі жоғары, халықпен кері байланыс нығайып келеді. Меди-ация институты дамып, азаматтық

даулар бейбіт жолмен шешілуде. Өңірдегі судьялар сот жүйесіне деген халық сенімін арттырып, құқықтық мәдениетті көтеруге үлес қосып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан конституциялық реформал-р қоғам мен мемлекетті жақын-дастырып, «Халық үніне құлақ аса-тын мемлекет» тұжырымдамасын нақты іске асыруға жол ашты. Бұл өзгерістер өңірлік басқару жүйесін жетілдіруге, жергілікті билік пен азаматтық қоғам арасындағы бай-ланысты күшейтуге де өз әсерін тигізуде.

30 жыл ішінде Қазақстан Конс-титуциясы мемлекетіміздің бас-ты тұғырына айналды. Қостанай-лықтар үшін бұл – құқық пен әділеттілікке деген сенімнің кепілі, бейбіт өмірдің берік негізі. Бүгінгі ұрпақ үшін Конституцияны құрмет-теу мен оның нормаларын сақтау – азаматтық парыз.

М.ТОЙБАЗАР,
Қостанай қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
соттың төрағасы

БІТІМ

ТАРАПТАР МЕДИАЦИЯНЫ ТАҢДАУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Қазақстан азаматтарын құқықтық көмекпен қамтамасыз ету – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін ғана емес, сон-дай-ақ олардың міндеттерін анықтау және даулы жағдайларды шешу үшін маңызды. Осы бағытта медиацияның көмегі мол.



Медиация азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастар бойынша, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша дауларда қолданады. Азаматтардың да, заңды тұлғалардың да медиацияға белсенді жүгінуі кезінде сот жүйесіне түсетін жүктеме айтарлықтай төмендеуде. Осылайша неғұрлым ірі істерді шешудің сапасы артуда. Халықаралық статистикаға сәйкес барлық даулардың 30-40% медиация рәсімі арқылы өтеді. Олардың 85%-ы бойынша оң нәтижелерге қол жеткізіледі.

Медиация процесі сот процесінен сөзсіз ерекшеленеді. Біріншіден, медиация өзара тиімді және бейбіт келісімге қол жеткізуге ұмтылады. Сот процесіне қарағанда медиация кезінде «кінәлі» немесе «кінәсіз» тарап болмайды. Бұл құқық саласының қағидаттары қылмыскерлерді бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қалпына келтіруді көздейді. Басқа сөзбен айтқанда, медиация мүмкіндігінше істі сотқа жеткізбеуге ұмтылады.

Оның тағы бір артықшылығы сот айларға созылуы, мәселені ұзақ шешуі мүмкін. Бірнеше рет сот отырыстары тағайындалып, оларға тараптардың бірінің өкілдері келуі немесе келмей қалуы мүмкін. Ал медиацияда дауды бір кездесу барысында талқылап, ортақ келісімге келуге болады.

Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, ал медиация кезінде ынтымақтасады. Судья тағайындалады, ал медиаторды таңдайды. Судья заңға қатаң сәйкестікте, ал медиатор тараптардың мүдделерін ескере отырып, бірақ заң шеңберінде шешім қабылдайды. Сонымен қатар, сот – жария процесс, ал медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді, бұл медиаторға процесс барысында тараптың келісімінсіз белгілі болған ақпаратты жария етуге мүмкіндік бермейді. Демек, медиатордан куә ретінде жауап алуға рұқсат етілмейді.

Сондай-ақ тараптар медиаторға жүгіну кезінде еріктілік танытады. Мәселені мұндай жолмен шешу мүмкін болмаған жағдайда, тараптарда сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиация кезінде тараптар тең құқықтарға міндетті түрде ие болады, сондай-ақ оларға тең міндеттер жүктеледі. Тараптар өз қалауы бойынша медиацияны жүргізу орны туралы және медиацияны жүргізу барысында пайдаланылатын тіл туралы уағдаласа алады. Тараптардың келісімімен медиатор медиацияны жүргізу күні мен уақытын айқындайды.

Медиатор судьяны алмастырмайды деп түсінген маңызды. Медиатордың міндетіне жеке және заңды тұлғалар үшін қақтығыстарды шығынсыз және баламалы тәсілмен шешу кіреді. Басқаша айтқанда, медиатор сот жүйесіне қатысы жоқ және судьяның көмекшісі болып табылмайтын кәсіби делдал. Медиаторға жанжалды реттеуге дау туындаған азаматтар тікелей жүгінеді және медиатор өз кезегінде тараптарға олардың қақтығысын талқылау барысында шешім табуға көмектеседі. Заң талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде тараптар арасындағы дауды реттей алатын дауға мүдделі емес азамат медиатор бола алады.

Медиация балама әдіс болып табылады, яғни, соттан тыс, дауларды шешу, сонымен бірге бейтарап делдалдың қатысуымен ерікті конструктивті келіссөздер негізінде қақтығысушы тараптар арасындағы проблемаларды шешу. Бұл әдіс өзара тиімді, бейбіт келісімге келуді көздейді.

Е.БАҚЫТЖАН,
Хромтау аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР
БОЛУДЫҢ ШАРТЫ ҚАНДАЙ?

Сот саласында да кадр іріктеу мен кадр тұрақтандыру мәселе-сіне аса зор мән берілген. Мем-лекеттік қызметшілердің мораль-дық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылған, қызметтегі мінез-құлықтары мен қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стан-дарттары қолданыстағы Әдеп ко-дексімен бекітілген.

Мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республика-сына қалтқысыз әрі адал қыз-мет етеді. Қазіргі таңда қабілетін шыңдаймын, елге қызмет етемін деген жастарға барлық мүмкіндік жасалған. Мемлекеттік қызмет-ке жұмысқа орналасқысы келетін жастарды тағылымдамадан өткі-земіз, жұмыстың қыры мен сырын ол маман болып жұмысқа қабыл-данбай жатып оқып-танысу және өндірістік тәжірибеден өткен кез-ден үйретеміз. Қоғамдық жұмыс арқылы, жастар бағдарламасымен жұмысқа қабылдаймыз.

Сот кеңселеріне бөлінген штат бірліктерінің бос лауазымдарына орналасуға ашық конкурс газет-ке жарияланады. Бос орындарды жабу үшін арнайы білімі бар тұл-ғаларды іздестіру, оларға бағыт-бағдар беру жұмыстарын ұйым-дастырамыз, аудандық халықты жұмыспен қамту орталығымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тестілеуден өтетін заңгерлік білімі бар мамандарды іздейміз.

Мемлекеттік қызметке орна-ласу үшін Қазақстан заңнамасын білуге арналған тест сұрақтарынан өткен тұлғаларды конкурсқа қа-тысуға тиісті құжаттарын өткізу үшін Шығыс Қазақстан облыстық сотының кеңсесіне жіберіледі. Осы орайда өзіміз тағылымдамадан өт-

кізген, өзіміз тәрбиелеген жастар-ды жұмысқа қабылдауға тырыса-мыз.

Сот әкімшісінің басшысы ретін-де соттың табалдырығын алғаш аттаған жас мамандарды еңбекке баулып, нұсқаулықты үйретіп, сол маманның функционалдық мін-деттерін түсіндіріп, кадр тәрбие-леп, кадрды тұрақтандыру, мемле-кеттік қызметке жаңадан келген жас мамандарды оқыту, олардың біліктіліктерін арттыру – бірегей міндетіміз.

Жауапкершілік болған жерде жұмыс болады, жұмыс болған жер-де тәртіп болады. Жұмыста тағы бір керегі – ұжымдағы қызмет-керлердің бір-біріне көмек қолын созып, бір-бірімен тіл табысуы. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет-те телефонмен сөйлесудің, киім киудің өз стандарты бар. Осы стандарт бойынша мемлекеттік мекемеге кіргеннен кейін ұялы телефонды «дыбыссыз» режимге қойып, жұмыс уақытында ұялы телефонмен сөйлеспеу талап етіледі.

Балаға тәрбие ананың сүтімен даритыны бәрімізге белгілі. Ата-ана баласының айтқанына жүгіре бермей, алдымен баласын еңбек сүйгіштікке тәрбиелегені абзал. Ұл-қызын Отанды қорғайтын пат-риот етіп, өмірдің ащысы мен тұ-щысына төзетіндей шыдамды етіп тәрбиелегені дұрыс. Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ана-ның борышы. Осы тезден өткен, білімімен мыңды жыққан бала ғана жауапкершілікті сезінеді және мемлекеттік қызметкер бола ала-ды деп ойлаймын.

Т.ТОҚТАРБЕКОВ,
Зайсан аудандық соты
әкімшісінің басшысы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПІКІР

Кез келген саналы азамат елдің Конституциясы оны қорғайтын қалқаны екенін жақсы біледі. Ата Заңымыз қабылданып, ел бірлігі мен бейбіт өмірінің гарантына айналғанына биыл 30 жыл толады.

Мемлекетіміздің саяси тұрақтылығы, азаматтар арасындағы келісім, алыс-жақын шетелдермен бейбіт жағдайдағы қарым-қатынас мемлекеттің берік конституциялық

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

негізінің арқасында қалыптасады. Ата Заңы айбынды елдің болашағы жарқын. Ата Заңымыздың алдын-да әрбір азамат бірдей. Отыз жыл-дағы ел дамуы мен саяси ахуалдың тұрақтылығы кемел Конституция-мыздың арқасы екенін естен шығар-мауымыз керек.

Ата Заңымызда басты құндылық болып – Адам, оның өмірі қойылған. Адамның құқықтары мен бостан-дықтары, олардың қалай қорғала-тыны нақты айтылған. Конституция

халқымыздың дербес ел болуды ар-мандаған мүддесін заң тілінде ай-шықтаған, адамзат ғаламына «Қа-зақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Ендеше, оны басқа да елдік рәміздеріміз-бен бірдей құрметтеп, қастерлей білуіміз қажет.

А.ЖУМАШЕВА,
Алға аудандық сот әкімшісінің
жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ФАРМАЦИЯ САЛАСЫ БАҚЫЛАУДАН ТЫС ҚАЛҒАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл Парламент Мәжілісінде еліміздегі фармацияның жай-күйі туралы Жоғары аудиторлық палатаның жасаған есебінде белгілі болды. Онда саладағы біраз кемшіліктің беті ашылды. Бұл олқылықтар дәрігерді ескірген емдеу хаттамалармен жұмыс істеуге бір, амалсыздан қымбат дәрілер тағайындауға екі мәжбүр етуде. Жағдайдың шынайы бет-бейнесін отырыста Әлеуметтік мәдени-даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағанбетов ортаға салған еді. Асхат Қанатұлы фармацевтика саласының 3 негізгі кемшілігін жілікше шағып, олардан арылудың 7 нақты жолын ұсынды.

Дәрі-дәрмек дәріханаларда сатылу үшін «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығында» сараптамадан өтіп, 210 күн ішінде тіркелу керек болса, аудит нәтижесінде бұл нормативті мерзімнің біреулер үшін 1275 күнге дейін созылып, ал осы ұйымның бұрынғы қызметкерлері үшін 25-ақ күнде жүзеге асырыны анықталыпты. 154 өтінім бойынша сараптама процедуралары бұзылған. Асхат Қанатұлының айтуынша, аталмыш ұйым нағыз саяхатшылар клубына айналғандай. Оның қызметкерлері дәрілерді тізімге енгізу үшін зауыттарды көреміз деген сылтаумен шетелге жиі шығады екен. Оның шығандары фармация компаниясының есебінен төленеді. Бұл саяхаттар не беретіні күмәнді.

Дәріні тіркеу үшін, өте күрделі бюрократиялық рәсімдерден өту керек. Оларға тек алпауыт фармацевтикалық компаниялар және қымбат препараттар ғана төтеп бере алды. Мұның салдарынан арзан, бірақ науқастар үшін ауадай қажет дәрілер тіркелмей қалады. Мысалы, фармакологтардың айтуынша, Қазақстанда пенициллиннің ішетін түрі тіркелмеген. Себебі, тым арзан болғандықтан оны ешкім алғысы келмейді. Осының салдарынан дәрігерлер бірден кең ауқымды антибиотиктерді тағайындауға мәжбүр болады. Өзге де негізгі дәрілер тізімде жоқ, сондықтан олар емдеу ісінде қолданылмайды. Тіркеу бірінші саты, одан соң науқастарды тегін қамтамасыз ету үшін дәрілер Ұлттық формулярға, одан соң клиникалық хаттамаларға енуі керек. Бұл үрдістің бәрінде оларға кедергіге тап болуда.

Фармакологиялық бақылау шарасы талап деңгейінде жүзеге аспайды. Тиісті заңнамаға сәйкес аталмыш орталық дәрілердің жағымсыз реакциялары туралы хабарламаларды жинақтап, талдап, шаралар қабылдау үшін жіберуге міндетті болса, аудит 28 «сары карточка» бар дәрілік заттар бойынша еш әрекет жасамаған. Оның үстіне, дәрілердің кері әсерлері туралы 137 ақпарат түскенмен, тек 1 препарат қана кері қайтарылған. Ал жалпы, фармацевтикалық бақылау-

дан 77 млн фармацевтикалық өнім тыс қалыпты.

Сыртқаттарға ескірген емдеу хаттамалары қолданылатыны да анықталып отыр. Олар уақытылы жаңартылмайды. Клиникалық хаттамалардың шамамен 70 пайызы 5 жылдан 12 жылға дейін қайта қаралмаған. Ал дәрілер жыл сайын жаңаруда. Бұл қазақстандықтар жаңа әдістермен ем ала алмай жүр деген сөз.

Хаттамаларды бекіту процесінің өзі де күрделі. Кейде ол бірнеше жылға дейін созылып, осылайша бекіткен хаттаманың өзектілігі де да жоғалады. Мысалы, тіркеу мерзімі өткен және тиімділігі төмен, шығаруға ұсынылған 409 препарат 3 жыл бойы формулярдан алынбаған, тиімсіз деп танылған 5 препарат 29 ауруды емдеу хаттамасынан шығарылмаған. Ал қажет делінген 96 тиімді препарат керісінше формулярға енгізілмеген. Асхат Қанатұлының айтуынша, мұндай ақылға сыймайтын жағдайдың себебі – министрліктің бұйрықтарындағы қарама-қайшылықтар.

Дәрі бағалары шектен тыс қымбат. Аудит нәтижесі бұл олардың құнына – шамадан тыс маркетингтік және тасымалдау шығындарын қосудың нәтижесі екенін анықтады. Препараттар тіпті түпнұсқаларынан бірнеше есе жоғары бағамен сатып алынған. Дәрілерге қосылған үстеме баға зауыттық бағадан 172 пайызға артық. Ал, Еуропада және әлемде бұл көрсеткіш 30 пайыздан аспайды. Сонымен қатар бір препараттың дәріханалардағы бағасы 3-5 есеге дейін өзгереді. Түпнұсқаның бағасы 344 теңге болса, отандық тауар өндіруші генеригінің бағасы 1273 теңге. Парацетамолдың зауыттық бағасы 59 теңге, Қырғызстанда 90, ал бізде 144 теңгеге сатылуда. Терафлюге елде белгілеген шекті баға 3,3 мың теңге, ал зауыттық бағасы 1,5 мың. Ресейде ол 2,2 мың, Қырғызстанда 2,5 мың тұрады.

БірыңғайдистрибьюторСК-Фармацияның өз логистикалық инфрақұрылымы жоқ. Логистиканың 90 пайызы үш компанияның қолында. Осындай монополизация, логистикалық шығындардың 1,5 есе өсуіне ықпал етті. Бірыңғай дистрибьютор 491,0 млрд теңгеге сатып алу жүргізді. Бірақ оның басым бөлігі тікелей зауыттан емес, жергілікті дистрибьюторлар арқылы жүзеге асқан. Сонда біз бұл ұйымды не үшін құрдық? Неліктен ол зауыттардан тікелей сатып алмайды? Бір препараттар қоймаларда шіріп, есептен шығарылып жатса, кейбір өмірлік маңызы бар дәрілер қолжетімсіз. Осының салдарынан 45 мың пациент дәрісіз қалған. Анықталған шығындар мен ысыраптар – 3,7 млрд теңгеден, ықтимал шығындар – 21 млрд теңгеден астам.

Отандық дәрілер 2024 жылы барлық дәрінің тек 15 пайызына жетті. Шын мәнінде отандық өндірушілерді қолдау үшін миллиардтаған субсидиялар,

жеңілдікпен несиелер, кедендік преференциялар берілуде. Соған қарамастан дәрілердің 84 пайызы шетелден әкелінеді. 89 отандық өндірушінің тек 2 пайызы дәрі шығарады, ал қалғандары маска немесе шприц сияқты медициналық бұйымдар өндіреді екен. Бұл өнімдерде де отандық экономика үлесі аз, қағаз да, шыны да көбінесе сырттан келеді деген ақпарат бар. Инвестициялық келісім-шарттар бойынша да сұрақ көп. Оларды белгілі бір уақыт өткен сайын жаңартып, инвесторлардың міндеттемелерін нақты көрсету керек.

Клиникалық зерттеулер өте аз. Соңғы уақытта «ҚазВактан» басқа ештеңе шыққан жоқ деуге болады. Соңғы 10 жылда тек 2 препарат шығарылған, олардың бірі – Йод және калий йодиді. Бұны әзірлеуге 4,6 млрд теңге жұмсалған, бірақ ол тіпті формулярға да енгізілмеген, яғни қолданылмайды. Ұлттық орталықтың клиникалық зерттеулерді бекіту үшін деңгейі жеткіліксіз. Сондықтан клиникалық зерттеулерді толығымен жүргізе алмаймыз. Арнайы ғылыми гранттар да жоқ.

Бұл кемшіліктерден арылу үшін Асхат Қанатұлының айтуынша, жаңа дәрілерді тіркеу мерзімін 1 айға дейін қысқарту, клиникалық хаттамаларды уақытылы қайта қарауды қамтамасыз ету, олардан тиімсіз препараттарды алып тастау және қажетті дәрілерді уақытылы енгізу, клиникалық хаттамалар мен формулярлар жүйесін реформалау қажет. Шекті баға әлемдегідей 30 пайыздан аспау керек. Баға белгілеу әдістемесін қайта қарау, «пайызға пайыз» қағидасын алып тастау және халықаралық тәжірибені ескеру қажет. Сол секілді СК Фармацияны реформалау, логистиканы дамыту, бәсекелестіктің есеп беру мен ашық ережелерін енгізу кезек күттірмейді. СК Фармация дәрілерді делдалдардан емес, тікелей зауыттардан сатып алуы керек. Келісімшарттарды қайта қарау, жаңартып, инвесторлардың міндеттемелерін нақты жазу да уақыт талабы. Ал, Ұлттық формулярға, амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізімдеріне және Бірыңғай дистрибьюторға енгізуге өтінім беру механизмін «бір терезе» қағидаты бойынша енгізу керек. Ашық цифрлық есеп жүйесін енгізу де күн тәртібінде тұр. Клиникалық хаттамалардың өмірлік циклін басқаруға, әр пациент бойынша дәрілік заттардың көлемін бақылауға арналған ақпараттық платформа да басты қажеттілік.

Төктерін айтқанда, дертке шипа болуға тиіс дәрінің өз жайы дімкәс болып тұр. Осының бәрі «жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген халық нақылын еске түсіреді. Расында елдегі медицина сырттанудың қауіпті екенін көрсетеді.

**А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

Талғар ауданына қарасты Панфилов ауылдық округінде жаңа жоба қолға алынды. Халықаралық деңгейдегі ірі көлік-логистикалық хабқа айналады деп күтіліп отырған инвестициялық жоба – Еуразиялық логистикалық парктің құрылысы қазір қарқынды жүруде. Жауапты өкілдік қызметінің айтуынша, жоба жалпы ауданы 13 гектардан астам аумақты қамтиды. Ол 50 мың шаршы метрден астам «А» класындағы заманауи қойма алаңдарын біріктіреді.

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ПАРК МЕМЛЕКЕТ ҮШІН МАҢЫЗДЫ АЛАҢҒА АЙНАЛАДЫ



Аталған кешеннің негізгі мақсаты – Алматы қаласының логистикалық жүктемесін азайту, тауар жеткізу жылдамдығын арттыру және Қазақстанның көлік инфрақұрылымын жаңа сапалық деңгейге шығару.

Нысанның орналасуы кездейсоқ таңдалмаған – ол еліміздегі ең ірі мегаполис Алматыдан небәрі 30 шақырым жерде орналасқан және Батыс айналма автомобиль жолына (БАКАД) жақын, бұл жол еліміздің оңтүстік астанасын басқа өңірлермен және халықаралық дәліздермен байланыстыратын маңызды көлік орталығы болмақ. Жаңа логистикалық парк Еуропа, Азия және Каспий өңірі арасындағы халықаралық маршрутқа үйлесімді түрде кіріктіріліп, логистика нарығының қатысушыларына кептеліссіз әрі тиімді көлік инфрақұрылымына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

«Еуразиялық логистикалық парк» ЖШС-нің атқарушы директоры Роман Жужлевтің айтуынша, бұл жоба Алматы қаласында 700 мың шаршы метрден асып кеткен қойма орындарының тапшылығын азайтып қана қоймай, 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары аясындағы міндеттердің орындалуына да өз үлесін қосады. Алдағы уақытта мұнда әкімшілік және өндірістік корпусстарда, кеңселерде, медициналық пункт пен қызмет көрсету нысандарында 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар, 30 жүк көлігі мен 50-ден астам жеңіл автокөлікке арналған тұрақ орындары да қарастырылған.

Кешеннің басты ерекшелігі – халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы құрылыс пен қызмет көрсету деңгейінде болмақ. Құрылыс барысында Ресейде жүзеге асырылған логистикалық хабтар тәжірибесі ескеріліп, заманауи сақтау жүйелері, автоматтандырылған процестер және түрлі бизнес форматына бейімделген икемді жалдау шарттары енгізіледі. Құрылысы әлі аяқталмаса да, отандық және шетелдік компаниялар тарапынан жобаның жүзеге асуына үлкен қызығушылық бар. Басшылықтың айтуынша, қазіргі кезде сұраныс ұсыныстан асып түсіп отыр.

Бекітілген жоспарға сәйкес, логистикалық парктің алғашқы кезеңі ағымдағы жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Кейін жоба әрі қарай кеңейтіліп, қосымша инвестициялар тартылатын болады. Алғашқы он жылда кешеннің жалпы кірісі 50 миллиард теңгеге жуықтайды деп күтілуде, ал бюджетке түсетін салық көлемі 18 миллиард теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Айта кету керек, Роман Жужлев Ресей кәсіпорында-рында жинақтаған бай басқарушылық тәжірибеге ие. 2019 жылдан бері ол Қазақстанда жұмыс істеп келеді және логистиканы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы деп есептейді. Оның пікірінше, болашақта Қазақстан жаһандық сауда картасында лайықты орнын алады, ал Панфилов ауылдық округінде бой көтеріп жатқан логистикалық парк осы бағыттағы маңызды бастамалардың біріне айналмақ.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ**

ТАҒЗЫМ

ГЕНЕРАЛ-МАЙОРҒА МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА АШЫЛДЫ

Алматы қаласында Қазақстанның әскери саласының белді өкілі, қоғам қайраткері, генерал-майор Әмірбек Әнуарұлы Төгісовке арналған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтті.



Алматы қаласының төріндегі (М.Төлебаев көшесі, 172-үй, Шевченко көш. қиылысында) 1998-2020 жылдары өзі тұрған үйдің жанында өткен еске алу шарасына Әмірбек Әнуарұлының қызметтес болған жол-

дастары, мемлекет қайраткерлері, әскери сала ардагерлері, марқұмның туыстары мен жақындары, сондай-ақ жас буын қатысты.

Тағзым ету шарасында ҚР Ұлттық ұлан №5571 әскери бөлімінің әскери

оркестрі ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындады. Бұл жайдан-жай емес. Себебі, Әмірбек Әнуарұлы бүкіл саналы ғұмырын Қазақстанның Қарулы күштеріне арнаған ерен тұлға. Ол 1990 жылдары еліміздің Ішкі әскері мен Қарулы күштерінің қалыпта-суына, дамуына тікелей атсалысты. Тіпті, еліміздегі алғашқы әскери бұйрықтың тұжырымдамасын жазып шыққан. Сондай-ақ, жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу жүйесінің негізін қалаушылардың бірі болды.

Қызмет жолында Магадан, Амур-дегі Комсомол, Қарағанды, Атырау, Мәскеу, Алматы және Астана қала-ларында әскери міндетін абырой-мен атқарып, қарапайым сарбаздан генерал-майор дәрежесіне дейін көтерілді. Әмірбек Төгісов Ферғана өңірінде, Таулы Қарабақ пен Бал-тық жағалауындағы аймақтарда болған төтенше жағдайларда қоғам-дық тәртіпті сақтау шараларына қа-



тысқан. 1992 жылы Мәскеуде, КСРО Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер-лер Бас басқармасында қызмет етіп жүрген жерінен туған еліне оралып, Қазақстан Республикасы Ішкі әскері қолбасшысының орынбасары бо-лып қызмет істеді. 1996 жылға дейін аталған құрылымды қалыптастыру мен дамытуға белсене атсалысты. Сол еңбегі үшін оған 1996 жылы ге-нерал-майор әскери атағы берілді.

1997 жылы Президент Жар-лығымен ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды. Бұл қызметте жүріп Әмірбек Төгісов еліміздің халықаралық әскери әріп-тестігін нығайтуға елеулі үлес қосты. Ол БҰҰ отырысында бітімгершілік қызмет туралы баяндама жасап, Қазақстанның беделін әлем алдын-

да таныта білді. Сондай-ақ, алғашқы «Центразбат-97» бітімгершілік оқу-жаттығуын ұйымдастыру мен өткізу-ге белсене қатысты. Генера-л-майор Төгісовтың ерен еңбегі лайықты бағаланып, бірнеше медальдар мен «Ай-бын» орденінің иегері атан-ды.

– Әмірбек туралы айтатын сөз өте көп. Ол – тек әскери адам ғана емес, ең алдымен – адал жар, жанашыр әке, ерекше адам болатын. Біз қызметтік көшке бірге ілесіп, бірге өмір сүрдік. Ол әрқашан: «Бізді көшіреді, бізді көшіреді» деп алдын ала айтып отыратын. Мен ешқашан: «Жоқ, бармаймын» деген емеспін. Тек бір рет: «Жинақталуға қанша уақыт беріледі?» деп сұрағаным есім-де. Өйткені ол қайда болса да, мен үшін өзімді қауіпсіз сезінетін орта сол жер еді. Ол өте қамқор, ақылды, па-расатты және тәртіпті адам еді. Ба-лаларымен үнемі ойнап, көңіл бөлуге уақыт табатын. Оның ұлы да, қызы да әке жолын жалғастырып, әскери қызметті таңдады. Ұлы – Қорғаныс министрлігінде қызмет етті, ал қызы да елге қызмет ету жолын қуды, – дейді жары Татьяна Төгісова.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнер-кәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы спутниктік интернет қызметін Қазақстан аумағында ресми іске қосу туралы келісімге қол қойды. Ол Қазақстан халқы үшін Starlink спутниктік терминалдарын ресми түрде сатуды іске қосуды көздейді. Ол үшінші тоқсанда басталады деп жоспарланып отыр.

STARLINK СПУТНИКТІК ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТІ ДАМИДЫ



«Қазақстан – аумағы кең, халқы әр өңірге шашыраңқы орналасқан ел. Барлық тұрғындарды сапалы интернетпен қамту үшін біз талшықты-оптикалық байланыс желілерінен ұялы байланыс мұнараларына дейінгі түрлі тәсілдерді қолданамыз. Алайда, жайылымдар, таулы ауылдар мен шалғайдағы кәсіпорындар сияқты қолжетімділігі күрделі аймақтар да бар. Ондағы тұрғындар да сапалы интернетке қол жеткізуі тиіс.

Қазіргі таңда әлемде бұған мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бүгінге дейін Starlink елімізде тек мектептерге интернет ұсынып, пилоттық режимде жұмыс істеп келді. Ал халық үшін ол ресми түрде қолжетімсіз еді.

Енді біз келісімге келдік, компания ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сай жұмыс істейтін болады. Биыл қажетті жұмыстар жүргізіліп, тұрғындар ресми әрі заңды түрде спутниктік интернетке қосыла алады», – деді министр Жасұлан Мадиев.

Оның айтуынша, бұл бастама Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті азайту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылуда және «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының мақсаттарына сәйкес қолға алынуда. Спутниктік интернет қызметін Қазақстан аумағында іске асыру жобасы – елдің шалғай

өңірлерін жоғары жылдамдықтағы спутниктік интернетпен қамтамасыз етуде маңызды қадам болмақ. Бұл цифрлық байланыс мүмкіндіктерін кеңейтіп, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға серпін береді. Жоғары жылдамдықты

интернетке Starlink арқылы қосылу ауылдық мектептер, медициналық мекемелер, мобильді топтар мен инфрақұрылым нысандарына сапалы байланысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, талшықты-оптикалық желілерді экономикалық немесе техникалық тұрғыдан тартуға қиындық тудыратын өңірлерде өзекті болып отыр.

Starlink жабдықтарын заңдастыру мен ресми қолдану мәртебесінің ерекше маңызы бар: енді азаматтар терминалдарды заңды түрде сатып алып, пайдаланып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркей алады.

Starlink спутниктік интернетіне қосылу арнайы пайдаланушы құрылғылары арқылы іске асады. Қазіргі уақытта жеке пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібін қоса алғанда, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді келісу жұмыстары жүргізілуде.

Бұған дейін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Қазақтелеком» АҚ-мен 3 мыңнан астам ауылды интернетке қосу туралы инвестициялық келісім жасасқан болатын. Ол талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жобасын іске асыру жоспардан бір жыл ерте – 2026 жылдың соңына дейін аяқтауға мүмкіндік береді. Ал шалғай аудандардағы байланыс 2027 жылдың соңына дейін жерсеріктік байланыс арналарымен қамтамасыз етілетін болады. Яғни, 2027 жылдың соңына қарай елдегі ауылдардың 99 пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етіледі.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ТҰТЫНУШЫДАН ӨНДІРУШІГЕ АЙНАЛҒАН Өңір

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Алматы облысында электр қуаты өндірісі Ұйғыр, Жамбыл, Балқаш аудандары мен Алатау қаласында ғана жоқ. Электр қуатын өндіру көлемі жағынан облыс орталығы – Қонаев қаласы (433 8 36,6 кВт/сағат) ең алдыңғы орында тұр. Оның үлесіне өңірде өндірілген электр қуатының үштен бірі тиеді. Одан кейінгі орында Іле (248864,6 мың кВт/сағат) мен Кеген (221788,0 мың кВт/сағат) аудандары тұр.

Райымбек ауданы (395,7мың кВт-сағат) облыстағы электр қуаты өндірісі ең тұрақты, Талғар ауданы өндіріс өсімі ең жоғарғы аудандар атанып отыр.

2024 жылы Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінен (ЖЭК) өндірілетін электр қуатының үлесі 6,43 пайызды құрады. Бұл – 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі есе жоғары. Ол кезде ЖЭК үлесі 3 пайыз болған. Бүгінде республика аумағында жалпы қуаты 3 ГВт-тан асатын 154 ЖЭК нысаны жұмыс істейді. Оның 63-і жел электр станциясы; 46-сы күн электр станциясы; 42-сі су электр станциясы; үшеуі биогаз станциясы.

Жаңғыртылатын энергия көздерінен өндірілетін электр қуатының үлесі жағынан Алматы облысы республикада көшбасшылар қатарында тұр. Атап айтқанда, республикадағы 154 жаңғыртылатын энергия көздерінің 23-і Алматы облысының үлесіне тиеді. Ондағы өндірілетін электр қуатының көлемі 328,1 МВт-ты құрайды.


Алматы облысындағы электр қуатын тұтынудың орташа көлемі 550-630 МВт аралығында. Облыстық әкімдіктің есебі бойынша, бытыр бұл көрсеткіш 608,4 МВт-ты құрады. Оның 303,31 МВт-ын өңір

өзі өндіреді. 2023–2024 жылдары инвесторлардан қуаты 1400 МВт болатын жаңғыртылатын энергия көздері нысандарын салуға 20-ға жуық өтінім түскен болатын.

Жалпы, Энергетика министрлігінің аукциондық саудасы арқылы 2030 жылға дейін өңірден 14 ЖЭК жобасы айқындалған еді. Олардың жалпы қуаты – 184 МВт-ты құрайды.

Алматы облысындағы 8 су электр станциясының бірі Райымбек ауданында орналасқан. Ол құрылысы 2021 жылы басталып, 2024 жылдың күзінде іске қосылған «Орта Қақпақ» су электр станциясы. Жоба құрылтайшысы Жанұзақ Қонаевтың айтуынша, қазір бұл су электр станциясы ауданның электр қуатына деген сұранысын 70 пайызға дейін жауып отыр. Инвестор енді Райымбек ауданының электр энергиясына деген сұранысын толық қамтамасыз етіп, оны тұтынушыдан ірі өндірушіге айналдыру үшін биыл құны 2,6 млрд теңгені құрайтын тағы бір ГЭС құрылысының жобасын аяқтамақ. Ол жүзеге асатын болса, 2026 жылы Үлкен Қақпақ өзенінің бойында қуаты 4,9 МВт болатын тағы бір су электр станциясы іске қосылады.

С.ӘЙТЕНОВА
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ



БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТЫ КІМДЕР ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Елімізде осы жылдың 21 мамырынан бастап өз кәсібін бастау үшін қайтарымсыз грант алуға өтініш қабылдау басталған болатын. Мөлшері 400 АЕК, яғни 1 572 800 теңге болатын «Бастау бизнес» жобасының алғашқы легінде республика бойынша 4500 адамға грант беру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда «Мансап орталығы» Кенді шаһар тұрғындарының экономикалық ахуалын көтеру мақсатында жұмыспен қамтуға жәрдемдесуде. Аталған орталық жұмыссыз жүрген жандардың ісін бастауына, табыс деңгейінің көтерілуіне барынша ықпал жасауда. Кентау қалалық мансап орталығының жұмысы мен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру бағдарламасының халыққа тигізетін пайдасы қандай? Мемлекеттің бұл көмегіне кімдер қол жеткізе алады? Ал оны рәсімдеудің жолдарына қатысты көпшіліктің көкейінде жүрген сұрағына жауап алу үшін Кентау қалалық мансап орталығының жұмыс іздеушілерді қолдау және еңбек нарығының ұтқырлығын арттыру бөлімінің басшысы Данияр Нарымбетовке бірнеше сауал тастаған едік.

Кәсібін жаңадан бастағандар үшін бұл зор көмек. Өндірісті жолға қойып, оны дамытуға, сол арқылы тұрақты табыс табуға мүмкіндік ашылады. Оған мүдекеттігі бар, «қандас» мәртебесі бар адамдар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшелері, көпбалалы отбасылар, мүдекеттігі бар баланы тәрбиелеп отырғандар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар үміткер бола алады. Айта кетейік, өтінім беру онлайн түрде жүзеге асырылады. Ал интернет немесе компьютерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда мансап орталығына барып өтінім тастауға болады.

2023 жылдың шілде айына дейін Халықты жұмыспен қамту орталығы болып келген Кентау қалалық Мансап орталығы жұмыссыз аза-

маттарды есепке тіркейді және жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдайды. Әртүрлі мәселемен қалалық мансап орталығына келіп жүгінетіндердің қарасы да көп екен. Оның үстіне 11-12 маусым аралығында қайтарымсыз грантқа құжаттар қабылдау рәсімі де жүргізіліп жатыр. Өзінің бизнесін ашуды алға қойған қала тұрғындары түсінбеген сұрақтарына жауап алуда.

– Әрине, өзінің жеке кәсібін ашуға ниетті, бірақ қаражаты тапшы жандарға мемлекет қолдау білдіруде. Өткен жылы 2 лек бойынша грантқа құжаттар қабылданды. 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында Кентау қаласы бойынша 2023 жылы төрт лек бойынша 691 адам грантқа өтінім берді. Нәтижесінде, комиссия мүшелерінің шешімімен жоспарға сәйкес, 90 адам грант иегері атанды. Ал «Еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде жүзеге асырылатын «Мемлекеттік қайтарымсыз грант» бағдарламасымен 2024 жылы бірінші лекте 106 адам грантқа өтінім берді. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға үміткерлердің өтініштерін қарастыру бойынша комиссия мүшелерінің ал-



дында мемлекеттік қайтарымсыз грант алуға өтінім бергендердің ішінен 91 адам өз бизнес жобаларын қорғап, 15 адам комиссия отырысына келмеді. Комиссия мүшелерінің толық дауыс беруінің нәтижесінде 1-лектің грант иегерлері, яғни жеңімпаз – 37 адам анықталды. 2024 жылдың 15 шілдесінен 25 шілдеге дейін Еңбек.кз сайты арқылы Мемлекеттік қайтарымсыз гранттың 2-легінде 45 адам мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін дөңгелетіп келеді, – деді Данияр Нарымбетов.

Кентау қаласы бойынша 2025 жылы қайтарымсыз грантқа 2-лек бойынша құжаттар қабылданады. 1-лек бойынша 91 адам қайтарымсыз грантқа үміткер ретінде тапсырып отыр. Комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы 91 адамның ішінен өзінің жобасын үздік қорғаған 45 адамға ғана қайтарымсыз грант қарастырылған. Үшінші тоқсанда екінші лек басталмақ. Ол кезде мемлекеттік қайтарымсыз грант 44 адамға қарастырылған екен. Ал, Еңбек министрлігінің ақпаратына сүйен-

сек, өтінімдер Business.enbek.kz порталында қабылданады. Өтініш беру үшін тіркелу, грант алу шарттарына сәйкестігін тексеруден өту, бизнес-жоспар шаблонын жүктеу және өтініш нысанын толтыру қажет.

Гранттармен қажетті құрал-жабдықтарды – малды, құсты, көшеттерді, тұқымдарды сатып алуға және бизнесті дамытуға қажетті құралдарды алуға болады. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады.

Жаңа бизнес-идеяны іске асыруға грант алу үшін жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер болу шарт. Сонымен қатар үміткерлер төмендегі санаттардың біріне кіруі қажет. Атап өтер болсақ, мүдекеттігі бар адамдар, «қандас» мәртебесі бар адамдар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшелері, көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы), мүдекеттігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы), асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар аталған жобаға қатыса алады.

Үміткердің «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуы тиіс. Ескерте кететін тағы бір жайт, гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді. Сонымен қатар, жеке кәсіпкер ретінде бұрын жұмыс жасағандар, борышкерлер де бұл грантқа үміткер бола алмайды.

Мемлекеттің қолдауына үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырады. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды және бағалау парағын өлшемшарттар бойынша толтырады. Атап өтер болсақ бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру және тағы да басқа.

Комиссия шешімі үміткердің порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп беріп отырады.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ ҚОРҒАНЫ – ЗАҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы келелі алқалы жиын барысында да Түркістан облысының құқық қорғау және мемлекеттік органдарының, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдарының басшылары, БАҚ өкілдері, оқу орындарының ректорлары қатысып, прокуратура қызметкерлерімен бірге қоғамның қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін бірқатар мәселені таразы басына салынды.

Маңызды шараның тізгінін ұстаған облыс прокуроры Мұрат Әжінұрұлы аймақтағы қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне, жиі орын алатын құқық бұзушылықтарға тоқталып, заңсыздықтардың алдын алуда қолға алынған маңызды жобалар мен ауқымды іс-шаралардан жұртшылықты хабардар етті.

Жиынға қатысқан Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров өңірдегі құқық бұзушылықпен күрес, құзырлы органдар жұмысын үйлестіру мәселесіне жан-жақты тоқталса, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті тарапынан прокуратура қызметін жақсарту, құқық бұзушылықтарға жол бермеу, алдын алу, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Соның ішінде озық цифрлық мүмкіндіктері бар «Прокурорлық фильм», «Қылмыстар картасы», «Бірыңғай әкімшілік істер және қылмыстық істер тізілімі», «Қамқор» сынды жүйелердің қоғамды ілгерілетудегі рөлі зерделенді.

Облыс прокурорының орынбасары Саян Келдібеков қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мен өзара іс-қимыл басымдықтары туралы атап өтсе, облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманбек Сахов отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы профилактикалық жұмыстарды күшейте отырып, тұрғындармен тиісті қарым-қатынастар орнатудың маңызына тоқталды.

Жиында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволарлық комиссияның және кәмететке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялардың жұмысына талдау жасай келе, формальдылықтан арылудың негіздерін атап өтті.

Ашық диалогқа құрылған маңызды басқосу барысында бірқатар мәселелер көпшілік алдында талқы-

ланды. Солардың негізгілеріне тоқталсақ.

Жаңа технология – жайлылықтың ғана емес, қатердің де көзі

Заманауи технология өмір сүру жағдайын жақсартып, даму мүмкіндіктерін арттырып отырғанымен, киберқауіптерге өлшеусіз жол ашуда. Соның салдарынан хакерлер, вирустар, жеке ақпаратты ұрлау және киберқылмыс түрі көбейіп, құзырлы органдарға көмек сұрап жүгінетіндер саны артқан. IT технологияны қару етіп, халықтың қаржысына қол салғандар қатары қалың. Олардың алдауына түскендер – біріміздің жақынымыз, танысымыз, туысымыз. Ақ адал ақшасынан айырылып қалған азаматтардың мұңы, өкініші мен наласы кім-кімді де алаңдатпай қоймайды.

Жиын барысында киберқылмыстың зиянымен қоса, қатердің алдын алу бойынша атқарылған шаралар атап өтілді. Айталық Ұлттық киберқауіпсіздік стратегиясы қылмыстың алдын алып, азаматтардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар орталық мәселеге мониторинг жүргізіп, мемлекеттік органдармен, ақпараттық инфрақұрылымдармен бірігіп қызмет атқарудың нақты тетігін жасауда.

Әрбір қылмыс қоғамға қарсы жасалған құбылыс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыруды басты басымдық ретінде белгіледі. Осы ретте әрбір жасалған қылмысты қоғамға қарсы жасалған құбылыс ретінде бағалауымыз қажет. Өкінішке қарай, азаматтарымыз кибер шабуылға аса мән бермейді. Бұл қылмыс көбіне алаяқтық, есірткі бизнесінде жиі жасалады. Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тілеубердиевтің айтуынша, прокуратура органдары құқық бұзушылықты жылдам анықтап, хабар алу мақсатында «Бұзушылыққа тоқтам» атты пилоттық жобасын, «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» және «URPAQ» жобаларын іске асыруда.

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін, азаматтары, әсіресе жастары мәдениет-



ті, жаңашыл әрі жасампаз болатын қоғам құруымыз керек. Ол үшін қоғам жағымсыз әдеттерден арылуы тиіс. Әлеуметтік кеселдің бәрінен тек тұтас жұрт болып қана құтыла аламыз. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім, ол ең алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр», – деді Мұрат Әжінұрұлы өз сөзінде.

Облыс прокурорының айтуынша, өңірдегі қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық-саяси тұрақтылыққа, бірлік пен келісімге жергілікті атқарушы, құқық қорғау, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат өкілдерінің бірлесіп, «Бір жағадан бас, Бір жеңнен қол шығарып» жұмыс жүргізуінің арқасында қол жеткізіліп келеді. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен жүзеге асырылып жатқан жүйелердің мүмкіндіктері жұмысты жеңілдетумен бірге, құқық бұзушылықтың алдын алуға, қылмысты ашуға, құқықтық статистиканы қалыптастыруға бағытталған. Мұндай мүмкіндіктер жұмыс барысында кеңінен қолданылуда.

Шара тиімсіз болса, жаңа жол іздеу керек

Алқалы жиында бірқатар түйткілді мәселелерді шешудің бағыт-бағдары айқындалды. Соның ішінде «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша Бас прокуратура тапсырмасының сапалы орындалуын қамтамасыз ету маңызды болып отыр. Сондай-ақ

кәсіпкерлер құқығының бұзылуына жол бермеу мақсатында жұмыстарды жалғастыру шарт. Кәмететке толмағандар құқығын қорғау, жалпы профилактика бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды күнделікті жеке бақылауда ұстаған дұрыс.

Өкінішке қарай соңғы уақытта жол-көлік оқиғалары мен қаза тапқандар саны өскен. Бейбіт күнде

тік институттарсыз қоғам қажеттіліктерін анықтау және қоғамдық тәртіпті толықтай қамтамасыз ету мүмкін емес.

Облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиевтің айтуынша, қоғам қауіпсіздігін орнықтыруда ақпарат құралдарымен бірігіп жұмыс істеудің көмегі көп. Осыны ескере отырып «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жыл басынан бері Түркістан облысы

барымыздан айырылу жақсылықтың нышаны емес. Әсіресе, облыстық маңызы бар жолдардағы жол-көлік оқиғалары алаңдатады. Бұл жолдардағы қауіпті аймақтарда автоматты режимде құқық бұзушылықтарды анықтайтын қосымша бейнекемералар орнатылуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен бірге полицияның жол қауіпсіздігіне қатысты нұсқамаларының орындалуын онлайн форматта бақылау мүмкіндігі бар жүйені немесе қосымшаны іске қосу кезек күттірмейді. Тағы бір ескерерлігі, жол қауіпсіздігін сақтауда қолдаушы жатқан шаралар тиімсіз болса, басқа тәсілдерді және оларды шешудің жаңа жолын қарастыру қажет.

Бүгінгі күні «Бұзушылыққа тоқтам» пилоттық жобасы іске асырылуда. Жобаның телеграм-ботына жалпы 240-тан астам құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен. Оның 175-і өз дәлелін тауып, олар бойынша процестік шешімдер қабылданды. Мұндай жобалар прокуратура органында тұрақты түрде жүргізіліп, жаңартылып отырады. Себебі жобалар нақты проблемаларды, жағдайларды түзеуге, құқық бұзушылық профилактикасын реттеуге қауқарлы.

Әлеуметтік институттар – қозғаушы күш

Қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік емес ұйымдар және жастар арқылы кеңінен жүзеге асырылады. Бұл әлеумет-

прокуратурасы жалпы 382 іс-шара өткізген (100-ден астам дәріс оқылды, 16 дөңгелек үстел өткізілді, 100 астам акция жүргізілді). Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы биыл 50-ден астам мақала, үндеу мен жарияланым жарық көрген.

Мемлекеттік емес ұйымдардың және жастардың қатысуымен 15 форум өтіп, жастарды профилактикалық жұмыстарға баулу және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында «Прокурор кеңістігі» ашылған. Қоғамда заң мен тәртіпті қамтамасыз ету үшін жастардың озық ойлары мен цифрландырылған жобалардың керекі сөзсіз. Сондықтан, облыстық прокуратура жастардың ұсынысын тыңдауға, жастармен бірігіп жобалар жүргізуге әрдайым дайын.

Маңызды шарадағы құзырлы орын жетекшілері көтерген мәселелерді бірігіп шешуге шақырған облыс прокуроры Мұрат Әжінұрұлы: «Қоғам бір күнде өзгермейді және қоғамды бір адам өзгерте алмайды. Өйткені, бейбіт елде, берекелі тірлік етудің түйіні – бірлікке, ынтымаққа негізделген. Біздің қоғамда бет-бет келіп отырған кемшіліктер де көпшілік қаласа оң шешілері, дұрыс реттелері талассыз. Тек әрқайсысымыз қоғамның бір бөлшегі екенімізді ұғынып, жақсы іске жаршы бола білейік, кемшілікке бір кісідей қарсы тұрып, түйткілдің оң шешілуін тілейік!» – деп көпшілікке салмақ сала отырып сөзін қорытты.

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

АРДАГЕР



Қазақтың байтақ даласында халқына адал қызмет етіп, әділдігімен, іскерлігімен ел есінде қалған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы сот жүйесінің ардагері, ұлт заңнамасының өркендеуіне үлес қосқан тұлғалардың бірі Керек Қабақов. Ол – заң саласына бар ғұмырын арнап, әділеттілік пен адалдықты ту еткен ардақты азамат.

Керек Қабақов 1940 жылы Маңғыстау облысындағы Шебір ауылында дүниеге келген. Жас шағынан тағдыр теңгерішін ерте көрді: Ұлы Отан соғысының зардабы оның да отбасын айналып өтпеді. Әкесі Құлшық майданда қаза тауып, анасы Рауаш шиетті үш баламен көп тауқымет көрді.

Анасының еңбекқорлығы мен табандылығы балалардың да өмірге тез бейімделуіне түрткі болды. Ауыл тіршілігі, ауыр еңбек сол кездегі барлық баланы ерте есейтті. Керек аға да балалық пен шалалыққа, еркелік пен тентектікке мойын бұра алмай, аяқтан тұрып кету үшін бала күнінен ана-

сына қолғанат болды. Кішкентайынан еңбекке араласқандықтан болар, өзіне артылған жауапкершілік, аманат, сенім дегеннің не екенін жете танып өсті.

Соғыстан кейінгі тұрмыстық ауыр жағдайға байланысты интернатта жатып оқыды. Ауылда шопан да болды, курс оқып келіп, киномеханик қызметін де атқарды. Әскери борышын да адал өтеді. Алайда әділдікке, төрелікке құштар жан заң саласында білімін жетілдірсең дегенді жиі армандайтын. Сол арманмен

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Маңғыстаудың бір ойынан алыстағы Алматыға аттанады. Бірінші жылы сынақтан сүрінді. Десе де, сағы сынбай, келесі жылы тағы тапсырады. Онда да құлайды. Осы тұста басқа жан болса қолды бір сілтеп-ақ кетер еді. Бірақ арманына адал әріптесіміз жақсылап дайындалып, үшінші рет оқуға тапсырып, конкурстан өтіп, ҚазГУ-ге қабылданады.

Табандылықпен қол жеткізген оқуын жақсы бітіріп, елге оралып, алғашқы еңбек жолын 1973 жылы Маңғыстау аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші болып бастайды. 1982 жылы халық соты болып сайланады. Кейін Бейнеу аудандық сотына судья болып ауысады. 1996–2002 жылдары Бейнеу аудандық сотының төрағасы қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде ол өзі де жас маман болып, сол кездегі облыстық соттың төрағасы Мәмбетовтен көп үлгі, сабақ ала отырып, пісіп-жетілді. Көптеген күрделі істің әділ шешілуіне мұрындық болып,

заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етті. 2005 жылы құрметті доғарысқа шыққан соң 9 жылдай адвокат болды. Ауылдағы қаншама жас маманға кеңес беріп, үнемі бағыт көрсетіп отырды.

Керек Қабақовтың сот жүйесіндегі қызметі – тек шен мен лауазым емес, шынайы әділет жолындағы қажырлы еңбек пен биік адамгершіліктің көрінісі. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Маңғыстау өңірінде сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өз қолтаңбасын қалдырды. Керек Қабақов «Ерен еңбегі үшін» медалінің, ҚР Судьялар одағының «Үш би» төсбелгісінің иегері. Өзі ұзақ жылдар еңбек еткен Бейнеу ауданының құрметті азаматы. Судьялар одағының «Құрметті мүшесі». Бұл марапаттар – оның адал қызметі мен әділетті ұстанымының заңды бағасы.

Керек Қабақов тек заңгер ғана емес, қоғамға ой тастайтын, кейінгі толқынға өнеге

болатын тұлға. Ол жазған «Әділдік – қымбат құндылық» атты мақаласында өмірлік ұстанымын, сот билігінің маңызын, әділ төреліктің қадір-қасиетін көркем тілмен жеткізеді. Онда: «Адам тағдырын таразылауда, ақ пен қараны, жала мен жазаны, жақсылық пен қиянатты безбендеуде тек әділдік пен тазарған жүрек қана жол көрсете алады», – деп жазады.

Керек Қабақов – өз дәуірінің заң майданындағы сарбазы, қоғамға адал қызмет еткен тұлға. Оның өмір жолы – өскелең ұрпаққа өнеге, сот саласындағы ізденісі – заңгерлерге жол көрсететін шамшырақ. Ол зейнет жасында болса да, ел құрметтейтін, сөзі өтімді, абыройлы ақсақал.

Бүгінде 85 жасқа толып отырған ардагер әрдайым облыстық сотта өтетін іс-шара, басқосуларда төрден табылып, сый-құрметке бөленіп келеді. Ал жұбайы Набат апа екеуі жеті бала өсіріп, немере-шөберелерін қызықтап жүр.

Айнагүл УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Әлбетте, судья әдебі сот төрелігінің имиджін қалыптастыруда және халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруда басты рөл атқаратыны сөзсіз. Қазақстан Судьялар одағының IX съезінде судьялардың қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында әрбір судья үшін міндетті әдеп нормаларын белгілейтін жаңа Судья әдебі кодексі қабылданды.

СУДЬЯ – ӘДЕПТІЛІК АЙНАСЫ

Судьяға кез келген азамат сияқты сөз, ар-ождан, бірлесу, ақпарат тарату бостандығын және басқаларды қоса алғанда, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Осы құқықтарды іске асыру барысында судья сот жүйесінің беделін сақтауды ұмытпауға және әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге, сондай-ақ өзінің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардан аулақ болуға тиіс.

Судья қоғамдағы кез келген жағымсыз мінез-құлықтан, жұртшылықтың алдында өзінің қадір-қасиеті мен жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін барлық әрекеттерден сақ болуы қажет. Судья азаматтармен және жұртшылықпен қарым-қатынаста сыпайылық, ашықтық танытуы, дөрекілік, олардың қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өзінің әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс.

Судьяның қоғамдағы мінез-құлқы соттың шыншылдығына, объективтілігіне және тәуелсіздігіне

не қоғамның сенімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Қазіргі ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған заманауи әлемде, интернет ресурстар сот жүйесіне жан-жақты әсер етеді, яғни, сот жүйесінің ашықтығына септігін тигізеді, ақпаратқа тез қол жеткізуді жеңілдетеді, азаматтардың сот процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар, интернет ресурстар сот жүйесіне қысым жасайтын жалған ақпарат пен айла-шарғы жасаудың көзіне де айналуы мүмкін. Міне, сондықтан да, судья азаматтармен және жұртшылықпен қарым-қатынаста сыпайылық, ашықтық танытуы, дөрекілік, олардың қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі тиіс.

Судьяның әрбір әрекеті, оның қызмет бабындағы немесе қызметтен тыс әрекеттері сот жүйесінің беделіне әсер етеді. Сондықтан, судьялар судьялық этика нормаларын сақтауға және олардың тәуілсіздігі мен объективтілігіне, сондай-ақ сот билігінің беделіне күмән тудыратын әрекеттерден аулақ болуы тиіс.

Қазіргі кезде судьяларды ірік-

теуде объективтілік пен ашықтықты қамтамасыз ету көзделген. Бұл қадамның өзін – қоғамдық пікірдің лауазымға үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалауымен, сондай-ақ қоғамның жалпы сот төрелігі жүйесіне деген сенімін арттырумен байланыстыруға болады.

Судья әдебі кодексін қабылдау кезінде назарға алынған Бангалор қағидаттарында этикалық



Сандуғаш ИЗБАҒАМБЕТОВА, Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

нормаларды сақтау сот қызметінің құрамдас бөлігі болып табылатыны көрсетілген.

Кез келген сот төрелігі жүйесіне қажетті сенімді арттыру негізі судья әдебі! Судьяның барлық іс әрекеті – сот төрелігінің бейнесі!

АСЫЛ МҰРА

ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Туған тілім – тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сыр ойдағы, Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өшке тілім, мен де бірге өшемін! – деп, ақын Әбділдә Тәжібаев жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны, ары. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды. Демек, тілдің үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Тіл құдіреті ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін құдіреті бар. Бір сөз өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа бөлейді.

Туған тілінің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдегі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Діні, тілі де әртүрлі болғанына қарамастан, бір шаңырақ астында барлық халық тату өмір сүреді. Қазақстанның ең басты, мемлекеттік тілі ол – қазақ тілі. Қазақ тілі – біздің татулығымыздың тірегі, бірліктің кепілі.

Қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шет елдегі қандастарымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет.

Г.АЛПЫСБАЕВА,
Түркістан облысы мамандандырылған
ауданаралық сотының әкімшісі

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚ БЕКИ ТҮСЕДІ

Шымкент қаласының әкімі, Ғ.Сыздықбековтің қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясы қалалық филиалының VI сессиясы өтті.

Жиынға ассамблея мүшелері, мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, салалық басқармалар мен аумақтық департаменттердің басшылары, аудан әкімдері, діни конфессиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері және жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты. Іс-шарада республикалық сессияда жүктелген міндеттерді қала аумағында іске асыру барысы, этносаралық қарым-қатынас саласында атқарылатын жұмыстар пысықталды.

– Біз бар әлеуетімізді халқымыздың татулығы мен берекелі бірлігін бекемдеуге бағыттауымыз қажет. Сондай-ақ, «30 жылдыққа арналған іс-шаралар жоспарын» орындап, Ассамблеяның даму тұжырымдамасын әзірлеу және оны іске асыру бағытында кешенді жұмыстарды бірлесе атқаруымыз керек, – деді Ғ.Әбдімәжитұлы.

Сондай-ақ қала басшысы бір жылда қалалық Ассамблея төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары болған Тимур Казыминге алғыс білдіріп, Қалалық Ассамблея хатшылығының ұсынысы негізінде Юрий Пан мен Тахирбек Нишанбаевты қалалық Ассамблея төрағасының орынбасары етіп бекітті. Алдағы уақытта нақтыланған міндеттерді жүзеге асыруда қалалық деңгейдегі басқармалар, аудан әкімдері, оқу орындары, жастар ұйымдары мен азаматтық қоғам институттарының әлеуеті қолданылатын болады.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҚАН ТАПСЫРУ – БІР АДАМҒА ҮМІТ СЫЙЛАУ

Астанадағы «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығында Дүниежүзілік қан доноры күні атап өтілді.

Іс-шараны Денсаулық сақтау министрлігінің Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы ұйымдастырды. Оған Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, қоғамдық ұйымдар, ерікті донорлар мен қазақстандық эстрада жұлдыздары қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – донорларға алғыс білдіру және қан тапсырудың жүйелі әрі ерікті түрін насихаттау. Кездесу аясында марапаттар табысталып, мерекелік концерт өтті. Ресми мәліметке сәйкес, 2024 жылы Астанада 31 088 адам қан тапсырған. 2025 жылдың алғашқы бес айында бұл көрсеткіш 14 149 адамды құрады. Оның ішінде алғаш рет қан тапсырғандар саны 11 мыңнан асса, тұрақты донорлар саны 5,9 мыңнан жоғары.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

МАҢҒЫСТАУДА 31 568 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛМАҚ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбайдың төрағалығымен өткен аппараттық жиында өңірдегі экологиялық ахуал, «Таза Қазақстан» республикалық акциясының іске асырылу барысы және жасыл желктерді күтіп-баптау мәселелері кеңінен қаралды.

Жиында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Сәбит Дүйсеменов баяндама жасап, «Таза Қазақстан» акциясы аясында атқарылған жұмыстармен таныстырды.

Кеғалдандыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Сәбит Дүйсеменовтың айтуынша, биылғы жоспарға сәйкес елді мекендер аумағында 31568 түп ағаш отырғызу көзделіп, қазіргі уақытта оның 45% орындалған. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 100% жеткізілмек.

Облыс экологиясы үшін аса өзекті мәселенің бірі – «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын қайта қалпына келтіру. Қазіргі таңда бұл жұмыстар уақытша тоқтатылғанымен, экологиялық қауіптің алдын алу мақсатында салалық министрліктің ұсыныстары ескеріліп, жаңа биологиялық рекултивация жобасы әзірленуде.

Маңғыстау облысы әкімінің
баспасөз қызметі

ФОРУМ

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ – МЫҚТЫЛАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

Ақмола облысында есірткіге еліктеушілік пен нашақорлыққа қарсы шаралар мен акциялар жиі өткізіліп келеді. Негізгі мақсат жастарды замана дертіне айналған індеттен бойын аулақ болуға үндеу. Форум облыс орталығындағы колледждер студенттеріне облыстық Полиция департаментімен арнайы ұйымдастырылған кезекті шара Көкшеғау қаласында бастау алып, шараға қаланың жүздеген студенттері мен сарапшылары қатысты. Акция «Есірткісіз болашақ – мықтылардың таңдауы» ұранымен өткізілді.



Жергілікті облыстық Полиция департаменті мұрындық болған шараға білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет басқармалары да қолдау көрсетіп, алаңға жастар, сарапшылар мен қоғам қайраткерлері жиналды. Форум Ақмола облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Бақтияр Утекиннің құттықтау сөзімен басталды. Ол жастарды есірткісіз болашаққа бағытталған шараларға тартудың жалпы тұтас қоғам үшін маңыздылығын атап өтті.

– Ғасыр дертіне айналған нашақорлық бүгінгі таңда аса үлкен өзекті мәселеге айналған. Өйткені, болашақтың тұтқасын ұстайтын жастарымыздың арасында есірткіге елітіп, өзінің тағдырына балта шауып жатқандар көп. Сондықтан жастарды осындай игі шараларға тарту әрі түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізу аса маңызды. Бұл орайда тек тәртіп сақшылары мен білім беру орындары ғана емес, қоғамдағы әрбір саналы азамат нашақорлықпен күресуге тиіс. Тек сонда ғана нашақорлық індетінің тамырына балта шаба аламыз. Есірткісіз өмір мықты және жауапты адамдардың саналы таңдауы. Сондықтан баршаңызды осы игі істе қоғам болып жұмылып, әрекет етуге шақырамын,– деді Бақтияр Утекин.

Форум жұмысы басталғаннан кейін есірткі құқықбұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңестің

құрамына жаңадан қабылданған мүшелеріне куәліктер тапсыру салтанаты өткізілді. Кеңес құрамына түрлі сала мамандары, қоғамның белсенді өкілдерімен қатар, жергілікті жерлерде есірткіге қарсы жұмыс жүргізуге үлестерін қосуға дайын жастар еніпті. Жастар қоғамда есірткіге еліктеушілік пен нашақорлықтың алдын алу бағытында белсенді жұмыс жүргізуге әзірліктерін байқатты.

Форум барысында тағдырдың бұралаң қалтарысында шатасып, ойнақтап жүріп от басқан яки бәзбіреулердің азғыруымен теріс жолға түсіп, есірткі сатып темір торға тоғытылған адамдар жайлы деректі фильм көрсетілді. Бұл форумға қатысушы жастардың нашақорлықтың зияндылығы, есірткі сату мен оны тасымалдаудың артында заң алдындағы зор қылмыстық жауапкершіліктің тұратынын көрсетті. Фильмді мұқият тамашалаған студент жастар есірткі притондары мен қылмыстың түрлі схемаларына қатысудың нақты салдары жайлы ойларын ортаға салып, қылмыстық істердің алдын алу және замандас құрбы-құрдастарымен есірткі қылмыстарының алдын алу жолдарын талқыға салды.

Жиналғандардың алдында есірткіге тәуелділігі бар адамдарға көмек көрсетілетін оңалту орталығының меңгерушісі, Ақмола облысы Полиция департаментінің есірткі қылмы-

сына қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы Думан Сабыржанов сөз сөйлеп, өңірдегі есірткі ахуалына шолу жасады.

– Облыстық полиция сарбаздарының күнделікті өз қызметінде барынша бақылауы мен жіті әрекетінің арқасында есірткі сату қылмыстары біршама азайып, есірткі сатқан қылмыстық ірі топтар құрықталды. Бұл орайда қоғамдағы белсенді азаматтардың оның ішінде жастардың бей-жай қарамауы үлкен рөл атқарады. Сондықтан жастардың есірткі қылмыстарының алдын алуға атсалысуы, нашақорлықтан бойын аулақ салып, жора-жолдастарына да жанашырлықпен қарауы қажет, – деп атап өтті Думан Сабыржанов.

Өз кезегінде есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңес мүшелері белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, құқықтық салдарларды түсіндіру, сондай-ақ саналы таңдау мен жеке жауапкершілікке шақыру жөнінде студенттер аудиторияларына жүгініп, нашақорлықпен күресу шараларының мән-маңызына тоқталды.

Әсіресе, полицияның жедел тобы бөлімінің «Атос» атты қызметтік итінің өнер көрсетуі жиналған көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Талай есірткі қылмыстарын ізін суытпай ашып жүрген кинолог пен Атостың жедел әрекеті мен күштік құрылымдардың нашақорлықпен байланысты қылмыстардың жолын кесу және анықтаудағы тәжірибесін көрсетті.

Р.С. Ұйымдастырушылар мұндай форумдар бір жолдық акция ғана емес, алдағы уақытта ведомствоаралық тұрғыда жастар арасында есірткі тұтыну мен нашақорлық қылмыстарының алдын алу және анықтау шаралары үнемі өткізілетінін атап өтті. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, мамандар мен студент жастардың өзара күш біріктіруі қоғамның әлеуметтік қорғалуына әрі ғасыр індетіне айналған нашақорлықтың тамырына балта шауып, салауатты өмір салтын сақтайтын жастардың қалыптасуына жол ашпақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ӨЗБЕКСТАНДА БІЛІМ КӨРМЕСІ ӨТТІ

Өзбекстанда Шыршық пен Зарафшан қалаларында қазақстандық жоғары оқу орындарының дәстүрлі білім көрмесі өтті. Бұл шара 2019 жылы 11 қыркүйекте Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығы мен Қазақстанның «Отандастар» қоры арасындағы екі елдің мәдениет пен білім беру салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы өзара түсіністік меморандумы аясында ұйымдастырылды.



«Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері әлемнің түкпір-түкпірінде тұратын қазақ диаспорасының өкілдеріне мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетіп келе жатыр. Олардың қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алуы үшін арнайы квота бөлінген. Бұл мүмкіндікті Өзбекстан қазақтары да пайдалануда. Бұрын қазақстандық оқу орындары өз аяғымен іздеп келген үміткерлермен ғана жұмыс істейтін. Соңғы жылдары бірқатар жоғары оқу орындары Өзбекстандағы білім көрмесіне қатысуға өздері де қызығушылық таныта бастады. Өйткені мұнда мектеп бітіруші жастар мен олардың ата-аналарымен бетпе-бет кездесіп, олардың қандай ұсыныс-талаптары барын өз ауыздарынан тыңдап, түрлі сұрақтарына бірден жауап беруге мүмкіндік бар», – дейді Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығының Жастарға білім беру және олардың тәлім-тәрбиесі бөлімшесінің меңгерушісі Клара Садырбаева.

Оның айтуынша, биылғы білім көрмесіне Қазақстанның 12 оқу орны қатысып отыр. Олардың әрқайсысы қазірдің өзінде сырттағы қазақтарға 200 гранттан бөлетіндерін жариялады. Жоғары оқу орындарының ішінде шәкіртақыдан тыс тегін жатақхана ұсынғандар да бар. Оқуға түсу жағынан да жеңілдіктер қарастырылған. Тіпті емтихан тапсырмай-ақ сұхбат арқылы ғана студент атануға болады. Сондықтан бұл жолғы білім көрмесіне Ташкент облысындағы Шыршық, Новаи облысындағы Зарафшан қалалары жайдан-жай таңдап алынған жоқ. Өйткені Өзбекстандағы 376 қазақ мектебінің 125-і Ташкент облысында, 77-сі Новои облысында орналасқан. Мәселен, Ташкент облысындағы 125 мектептің бесеуі Шыршықта.

«Қазақстанның жоғары оқу орындары тек диаспора өкілдері үшін ғана емес, өзбек жастары үшін де үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Соңғы жылдары мұнда шетелдік жоғары оқу орындарының қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Қайнар ауылдық округі, Жалқамыс ауылы, Батыс шағын ауданы, Т.Куняфин көшесі, 19-үй, тел. 87473432642.

ның да филиалдары көптеп ашылуда. Қазақстанның ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, 2024 жылы Қазақстанда шетелдік ЖОО-ның 23 филиалы ашылған болатын, 2025 жылы тағы 11 филиал ашылмақ. Мәселен, былтыр Қазақстанға 93 елден 31,5 мың шетелдік студент келсе, бұл сан алдағы 3 жылда 100 мыңға дейін жетуі мүмкін. Оның ішінде Өзбекстан жастарының үлесі басым болатынына менің еш күмәнім жоқ», – дейді Клара Қондыбайқызы.

Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығының Жастарға білім беру және олардың тәлім-тәрбиесі бөлімшесінің меңгерушісінің айтуынша, Өзбекстан қазақтары тәуелсіздік жылдары атажұртқа оралған шетелдегі отандастар саны бойынша Қазақстанда ең алдыңғы орында тұр. Осыған қарамастан мұнда әлі де 1 млн-нан астам қазақ бар. Яғни, бауырлас екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастың болашақта да жалғасуына әлі де мықты негіз бар.

Жалпы, Өзбекстан қазақ мәдени орталығының тарихы 1989 жылы Ташкенттегі Химия институтының жанынан ашылған Өзбекстан Республикасындағы қазақтардың ақпараттық орталығынан басталады. 1990 жылы атауын Қазақ мәдени орталығы деп өзгертіп, 1992 жылдың 14 наурызында алғашқы құрылтайын өткізді. Орталық 1995 жылдың қараша айында Өзбекстан Республикасының Әлеуметтік иминистрлігінен тіркеуден өтіп, ресми түрде қоғамдық ұйым болды. Сол жылы Абайдың 150 жылдығы Өзбекстанда кеңінен атап өтіліп, Ташкенттің орталық мәдениет сарайында алғаш рет халықаралық ақындар айтысы ұйымдастырылды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӨРТУРАЛІ

5. «Pao Forward» ЖШС (БСН 240540036304) «Evooil Kazakhstan» ЖШС-не (БСН 141040012473) қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Республика даңғылы, 43А үй. тел.+77761611118.

6. «Evooil Kazakhstan» ЖШС (БСН 141040012473) өзіне «Pao Forward» ЖШС (БСН 240540036304) қосу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Северная өнеркәсіптік аймағы, 28/1 ғимарат. Тел.+77010273080.

8. «КАЗШПАЛ» акционерлік қоғамы (БСН 940340000898) «Дифар» ЖШС-мен (БСН 230140021469) ірі мәміле жасалғаны туралы хабарлайды. Барлық мүдделі тұлғалар мына мекенжай бойынша хабарлауларына болады: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Республика көшесі, 1-ғимарат.

9. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық соты 2025 жылғы 9 маусымда азаматтық іс қозғады. Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Энергетиктер көшесі, 11-үй, 2-пәтерде тіркелген Кириллов Илья Анатольевичтің өтініші бойынша қаралуда. Ол 1977 жылғы 29 желтоқсанда Ресей Федерациясының Вологда облысы, Кич-Городецкий ауданында туған Кириллова Наталья Николаевна қайтыс болды деп тануды сұрайды. Кириллова Н.Н.-ның қайда екендігі туралы қандай да бір мәліметі бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарласуы сұралады. Байланыс нөмірлері:Сот кеңсесі – 8 (7153) 82-20-50; хатшы +7702-498-28-26.

ТАРАТУ

4. «Free Market» ЖШС (БСН 130540020642) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050009, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 33/280 үй, 17-пәтер, тел. 87073330808.

7. «Асланбек-Моторс» ЖШС (БСН 070340007644) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 44-үй.

11. «Mans Future» ЖШС (БСН 190640008063) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17П үй, 141-пәтер.

13. «Гүлерке» бөбекжай балабақшасы ЖШС (БСН 230940006880) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен-

14. «Р-Техно Ломбард 247» ЖШС (БСН 210340012314) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Колхоз көшесі, 49А үй, пошта индексі 160005.

15. «NK Distribution Center» ЖШС (БСН 240840027594) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 28В, тел. 87015009884.

10. «Орнау Limited» ЖШС (БСН 121140019516, Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-3 шағын ауданы, 15-үй, 1-корпус, н.п. 118) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. «Орнау Limited» ЖШС-не кредиторлардың барлық талаптары, өтініштері мен шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде қабылданады.

17. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық сотында (судья У.Мухангалиева) Қырғызстан Республикасы Чүй облысы, Сокулук ауданы Асылбаш ауылы Доолот көшесі №99 үй тұрғыны (уақытша Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Т.Масин көшесі, 4/2 үй мекенжайында уақытша тіркелген) азаматша Сахипединова Гульнар Махуовнаның (ұялы тел. 87718229167, ватсап +996501202061) арызы бойынша Қызылорда облысы Арал ауданының тұрғыны 1938 жылғы (туған күні 25 қыркүйек) Каракулов Кожабекті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Егер Каракулов Кожабектің жүрген жері туралы мәліметтер білетін адам болса, осы хабарландыру шыққан күннен бастап үш айдың ішінде, БҚО, Бөкей ордасы аудандық сотына хабарлауыңыз сұралады.

Хабарландыру беруші Гульнар Сахипединова

18. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға «13» маусым 2025 жылы Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2025 жылғы «05» ақпан. Шығарылған облигациялар саны – 18 000 (он сегіз мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 180 000 000 (бір жүз сексен миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына жіберіңіз toos@capital@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

16. «Cobrass» ЖШС 2025 жылғы 25 маусымнан «Кейіннен бөгде ұйымдарға бере отырып, қара және түсті металл сынықтарын қабылдау және уақытша сақтау пункті» жобасы бойынша 5 жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттама пакетімен танысуға және сайтта ескертулер мен ұсыныстар беруге болады <https://ndbecology.gov.kz/> және «Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде. Бастамашысы – «Cobrass» ЖШС.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылдың 16 қаңтарында қайтыс болған Абжалов Нұралы Мәденұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДІ ТӘРБИЕЛЕГЕНІҢ – ӘЛЕМДІ ТӘРБИЕЛЕГЕНІҢ...

Өмірдің мәні де сәні, отбасын құрып жанұялы болу. Бұл бірінші мақсат. Бірақ көбіне біз болашақ бір құдайға аян деумен шектеліп жатамыз. Отбасын құру бір бөлек, ал оны сақтап қалу екінші, үлкен мәселе екенінде дау жоқ.

Қазақта: «Ел боламын десең – бесіңді түзе, оны түзеймін десең әйелінді түзе» демей ме? «Балаңды тәрбиелегің келсе – өзіңді тәрбиеле, себебі балаң саған қарап өседі» деген тәрбиелік мәні зор нақыл бар. Сондықтан баланың құқығын қорғап, оның өсіп, жетілуіне бар мүмкіндікті пайдаланып, қамқорлық жасау – барлығымыздың негізгі міндетіміз.

Қазіргі таңда «Отбасылық сот» жобасы қолға алынғаны баршаға аян Басты мақсаты – ажырасулардың санын азайту, жанжалдасып жүрген ерлі-зайыптылардың татуласуына септігін тигізу. Отбасылық сотта неке бұзу, отбасы қарым-қатынасында туындайтын тағы да басқа даулар қаралады. Соның ішінде ең көп таралғаны – ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзу даулары.

Үй жағдайында зорлық-зомбылықтың басым бөлігі масаң күйде жасалатыны белгілі. Спирттік ішімдікке тәуелді болған отбасы дау-дамайсыз болмайды. Алдымен осы

ішімдік дертінен айығу жолдарын қарастырған жөн. Бұл жерде әр нәрсені, өз орнына қойып, тәртіппен тізім түзген жақсы. «Әйелді тәрбиелегенің – әлемді тәрбиелегенің, еркегінді бағалағаның – ертеңінді бағалағаның» демей ме атам қазақ. Отбасында әйелдеріміз тәрбиеге, ер азаматтарымыз ұрпағына жауапкершілікпен қараса, баланың бақытты болашағына кепіл. Ал медиация – отбасының құндылықтарын нығайтып, шаңырақты шайқалтпай сақтап қалуда тиімді тәсіл екені анық. Қоғамдық мәселенің алдын аларлық сот жүйесіндегі мұндай игі бастамалар жалғасын тауып, болашақта оң нәтижесін берсе құба-құп.

Нүргүл ЖАЛАЕВА,
Түркістан облысы
кәмелетке
толмағандардың істері
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

3. 2024 жылдың 9 желтоқсанында қайтыс болған Жанибеков Балтабектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

12. 12.01.2025 жылы Рахметова Рахиманың қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 87052700001.

Атырау облысының судьялар корпусы және сот жүйесінің ардагерлері, Судьялар одағының Атырау облыстық филиалы, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаментінің қызметкерлері Атырау облыстық сотының төрағасы Парменов Мұхтар Абайұлына аяулы анасы

Шериева Гульжаухардың

дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

ТҮЙТКІЛ

БАЛАМ – ҮЙДЕ,
ҚЫЛЫҒЫ – ТҮЗДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шегетін қоспаларды дайындау тәсілі – құрғақ шөптерді химиялық заттар, ароматизаторлар, витаминдер және синтетикалық каннабиноидтарға малтып дайындайды.

Қазіргі таңда 160-тан жоғары синтетикалық каннабиноидтарының түрлері белгілі және жаңа түрлерінің синтезы үнемі өсуде.

Кез келген қылмыстың алдын алу, жолын кесу қылмыстылық профилактикасы бүгінгі таңда ішкі істер органдары қызметінің басым бағытының бірі болып табылады. Мемлекет пен қоғам үшін адамды қылмыс жасағаны үшін жазалағаннан гөрі, сол қылмыстың алдын алу немесе оны болғызбаудың жолын қарастыру немесе қылмыстың жасалу себебін жою әлдеқайда жеңіл әрі тиімді. Бұл есірткі қылмысына қарсы күресте де аса өзекті мәселе болып отыр.

Есірткілердің заңсыз айналы-

ірі мөлшердегі есірткі затын өткізу мақсатында заңсыз сақтағаны үшін кінәлі деп танылып, 8 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Сотталушы Т. танысы М. екеуі Алматы қаласының ішінде «Саялы» ықшам ауданы аумағынан кетіп бара жатып тергеумен анықталмаған автокөліктен жолдың шетіне қарай



Нашақорлықтың қоғам дертіне айналғаны соншалық, қылмыстық қудалау органдарында нашақорлық қылмысы күн сайын тіркелуде. Кептірілген шөптен, синтетикалық заттар және олардың прекурсорларын жеке пайдалану және оларды тарату жастардың арасында оңай ақша табудың көзі болып отыр. Осыған орай, жастар арасында нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын көбірек жүргізіп, әрбір ата-ана үйіндегі баласына бұл дерттің зияны мен арты қандай жамандыққа алып келетіндігін түсіндіруі тиіс.

мы саласында жағдайдың нашарлауы қоғамға қауіп төндіреді. Сот тәжірибесінде есірткімен байланысты қылмыстың түрі көп. Мысалы, сотталушы Б. Шу ауданы, Алға ауылына қарасты «Тақыр» атты жер учаскесінде жабайы кендір құрай өсімдіктерінің табиғи түрде көп мөлшерде өсетінін біліп, түнгі сағат 00:00 жабайы қарасораны өзімен бірге алып келген орақпен орып, сол маңға жинаған.

Алайда, оның қылмыстық әрекеті Жамбыл облысы ПД АЕҚҚІБ және Шу аудандық ПБ қызметкерлерімен «Қарасора – 2024» іс-шарасын жүргізу барысында әшкереленіп, жеке басына және аумаққа тінту тергеу амалын жүргізу барысында темір материалдан жасалған қызыл түсті қол орақ, Б-ның ұсынуымен өткір иісі бар өсімдік тәріздес жасыл түсті зат алынды. Есірткі құралдарын психотроптық заттар және прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу қорытындысына сәйкес, жалпы салмағы 188 кг «сора өсімдігі» болып табылатын кептірілмеген есірткі заты екені анықталды.

Сот үкімімен Б. ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігі 3-тармағымен, яғни, аса

сайға бір заттардың лақтырылғанын көрген. Өз кезегінде Т. лақтырған заттарға қызығушылық танытып, көруді жөн санаған. Осыдан кейін автокөлігін тоқтатып, сайға түсіп үлкен чемодан ішінде және полиэтилен пакеттерде есірткі заттары салынғанын көрген. Т. өзі есірткі затын тұтынатын тұлға болғандықтан, тауып алған заттардың есірткі заты екенін бірден түсінген. Осы кезде Т. оңай жолмен пайда табу мақсатында, аса ірі мөлшердегі есірткі затын өткізу мақсатында заңсыз сақтау және тұрғылықты жері Астана қаласына тасымалдау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық ойы туындаған. Осы қылмыстық бағыттағы пиғылын жүзеге асыру үшін ол, танысы М.-ның автокөлік ішінде ұйықтап жатқанын көріп, айналада өзіне кедергі жасайтын тұлғалардың жоқтығына нақты көз жеткізіп, аса ірі мөлшердегі есірткі заттарын автокөлікке салып алған. Ертесіне, Т. аса ірі мөлшердегі есірткі затын заңсыз тасымалдау үшін, ұялы телефонына жүктелген «In Drive» мобильдік қосымшасы арқылы Алматы қаласынан Қарағанды қаласына дейін жолаушы тасымалдаумен ай-

налысатын автокөлік жүргізушілерін іздеген және автокөлікті толықтай жалдайтыны туралы хабарлама жариялаған. Өз кезегінде Т.-ның қылмыстық іс-әрекетінен бейхабар, жолаушы тасымалдаумен айналысатын К. хабарламаны көріп, Т-ға хабарласып келіскен. Т. өзінің қылмыстық іс-әрекеті әшкереленбес үшін, автокөлігінде заңсыз сақтаған аса ірі мөлшердегі есірткі заттарын полиэтилен пакетке салынған күйінде өзінің чемоданына салған. Осыдан кейін барлық затты автокөлігімен заңсыз тасымалдап Қарасай ауданындағы Береке ықшам ауданына алып барған. Осы жерге жүргізуші К.-ны шақыртып, соңғының назарынан тыс, өзінің киімдері екендігіне сендіріп, есірткі затын автокөлігіне артқан. Осылайша Т. есірткі затта-

рын автокөлікке тиеп алып, өзінің қылмыстық іс-әрекетінен бейхабар болған М. екеуі Алматы қаласынан Қарағанды қаласына қарай жолға шыққан. Алайда К. басқарған автокөлікті Мойынқұм ауданы аумағындағы «Алматы-Екатеренбург» тас жолының 351 шақырымында полиция қызметкерлері тоқтатып, арнайы қызметтік итпен тексеру барысында Т.-ға тиесілі салмағы 43800,00 грамм «кептірілген марихуана» есірткі заты анықталған. Сот үкімімен Т. ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, осы бап бойынша 9 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Бұл сот тәжірибесіндегі санаулы ғана мысал. Нашақорлықтың қоғам дертіне айналғаны соншалық, қылмыстық қудалау органдарында нашақорлық қылмысы күн сайын тіркелуде. Кептірілген шөптен, синтетикалық заттар және олардың прекурсорларын жеке пайдалану және оларды тарату жастардың арасында оңай ақша табудың көзі болып отыр. Осыған орай, жастар арасында нашақорлықтың алдын алу жұмыстарын көбірек жүргізіп, әрбір ата-ана үйіндегі баласына бұл дерттің зияны мен арты қандай жамандыққа алып келетіндігін түсіндіруі тиіс.

Әбітхан АНАРБАЕВ,
Жамбыл облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

ПАЙЫМ

«ОҚ ЖАРАСЫ БІТЕР,
СӨЗ ЖАРАСЫ БІТПЕЙДІ»

Құқықтық, зайырлы мемлекетте азаматтарды кемсітуге, қорлауға, қысым жасауға жол берілмейді. Себебі, еліміздің Ата Заңында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандығы деп танылған. Алайда, ел даусыз болмайды.

Азаматтардың бәрі бірдей заң талаптарына бағынып, құқықтық қағидаларды сақтай бермейтіні тағы рас. Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық заманда әлеуметтік желілердің белсенділігі өсіп, сөз жауаптылығы кеміп бара жатқанын мойындауымыз керек. Мұны соттарда моральдық шығынды өндіру бойынша қаралатын талап арыздарға қарап та бағамдауға болады.

Азаматтық кодекстің 951-бабына сәйкес, моральдық зиян дегеніміз – жеке және заңды тұлғалардың жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын бұзу, кемсіту немесе одан айыру, оның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы жасалған құқық бұзушылық нәтижесінде бастан кешірген моральдық немесе физикалық азаптары деп танылған. Моральдық зиян барысында азаматтың қорлау, ашулану, депрессия, ұят, үмітсіздік, кемшілік, ыңғайсыздық және т. б. сезімдері пайда болады. Бұл сезімдер, әдетте, жәбірленушінің, оның жақын туыстарының да өмірі мен денсаулығына заңсыз қол сұғудан туындайды.

Міне, содан келіп жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтары бұзылған, кемсіту немесе олардан айыру фактілері орын алған, осындай құқық бұзушылық салдарынан жәбірленуші жан азабы мен тән азабын шеккен жағдайда моральдық залалды өндіру фактісі орын алады. Орынсыз айтылған сөз, жабылған жала, негізсіз пікірдің салдарынан азаматтар қорланады, ұялып, өмірден түңіліп, қолайсыз жағдайда қалады. Соның салдарынан тәні қиналып, моральдық залал шегеді. Мұның салдары қаншалықты ауыр залал келтіретінін бабаларымыз «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпейді» деп анық дәйектеген.

Моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Айталық заңсыз сотталған, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылған, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алынған, үйде қамауда ұсталып немесе ешқайда кетпеу туралы



қолхат қолданылған, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналас-тырылу арқылы заңсыз әкімшілік жаза қолданылған азаматтар өз мүддесін қорғай отырып, моральдық зиян талап етуге құқылы. Сондай-ақ жалған мәліметтер, негізсіз айыптаулар кесірінен ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келген азаматтар да моральдық залал өндіре алады.

Моральдық залалдың көлемін белгілегенде соттар бірнеше мәселеге мән береді. Соның ішінде жәбірленушіге не оның жақындарына келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығы, жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер, құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы, ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер таратудың сипаты мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайына назар аударылады.

Азаматтар моральдық зиянды өтеу туралы талап арыз берген кезде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің 535-бабының 7-тармағына сәйкес айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызы мөлшерінде мемлекеттік баж төлейтінін есте ұстағаны жөн. Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші тарапынан заңнамалық акті нормаларының тікелей нұсқамасына байланысты жасауға міндетті әрекеттерді түсіну керек. Мысалы, «Масс-медиа туралы» заңға сәйкес, бұқаралық ақпарат құралы өзі таратқан, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді теріске шығаруды жариялауға міндетті.

Мұндай істерді қарау кезінде ескерерлігі – зиян мөлшерін объективті түрде дәлелдеу мүмкін емес. Себебі бұл адамның ішкі күйіне байланысты бағаланады. Оның үстіне заңда моральдық зиян үшін нақты сома көрсетілмегендіктен, сот әр істі жеке қарай келе, жәбірленушінің жағдайын, эмоциялық күйзелісін, жасын, әлеуметтік жағдайын ескере отырып шешім қабылдайды.

Сыйластық болған ортада дау туындамайды. Әсіресе, жүрекке түскен жараның орнын толтыру қиын. Сондықтан, елімізде моральдық зиянға қатысты даулар кемісін десек, сөз бен істің жауаптылығын ұмытпаған абзал.

А.ТАКЕНОВА,
Жетісу аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЖАРИЯ ПРОЦЕСС

МАС ЖҮРГІЗУШІ МАҢАЙЫНА ҚАТЕР

Жақсы аудандық соты Қылмыстық кодекстің 104-бабының 1-бөлігі бойынша айыпталып, абайсызда қазаға ұшыратуға өкелген құқық бұзушылықты жасағаны үшін азамат С.-ға қатысты қылмыстық істі қарады.

Сот барысында белгілі болғандай, 2024 жылдың қазанында ЖШС аумағында механизатор С. мас күйінде тракторға отырып, күзетші Р.-ды басып кеткен. Сотталушы өз кінәсін мойындап, өкінетінін айтты. Сонымен қатар,

оның кінәсі куәгерлердің айғақтарымен, сараптама қорытындыларымен, оқиға болған жерді тексерумен, ЖШС-нің бейне камера жазбасымен және істің басқа материалдарымен расталды.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №90 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31